

**<sup>1</sup>Аитова Ж.Ж., <sup>1</sup>Еркаева З.Е.**

<sup>1</sup>Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

[Aitova\\_1@mail.ru](mailto:Aitova_1@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАУ АРХЕТИПІ**

**Аңдатпа.** Мақалада архетип ұғымы және қазақ әдебиетіндегі архетиптер қарастырылған. Тау архетипі талданып, қазақ поэзиясы мен проза жанрындағы шығармалар талданып, архетип бейнесі көрсетілген. Ауыз әдебиеті кезеңінен басталған халық ертегілеріндегі тау бейнесі сонымен қатар Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Әуезов, Қабдеш Жұмаділов сынды қазақ әдебиеті алыптарының шығармаларындағы таудың архетиптік бейнесіне талдау жасалды. Жалпы архетип ұғымының ең басты белгілеріне уақыт пен кеңістік жататыны белгілі. Қазақ менталитетіндегі архетип түрлерін сөз қылғанда оның әр түрлі, көп салалы екендігін айтамыз. Бұның ішінде біз сөз қылатын «тау архетипі» сонау ауыз әдебиетінен бастау алып, бертіңгі қазақ жазба әдебиетінде де көрініс береді. Тау архетипінің өзі адамзат пайда болған кезеңнен бастап қатаң табиғаттың кей құбылыстарынан қорғаныш іздейтін орын ғана емес, жаңа өмір бастауы мен жаңа дүниеге ашылатын жарықтың нышанын білдіретін сипатта болды. Әр халық өзінің мәдениетін дамытуға деген құлшыныстары оянғанда түпсана архетипке жиі оралып отырады. Атап айтсақ, соңғы жылдары еліміздің өнері мен мәдениетіндегі «ұлттық негіздерді жаңғырту» идеясы осымен сәйкес келеді. Ал, бұл өз кезегінде тәуелсіз еліміздегі заңды құбылыс.

**Тірек сөздер:** архетип, тау, әдебиет, тақырып, биіктік, бейне.

**<sup>1</sup>Аитова Ж.Ж., <sup>1</sup>Еркаева З.Е.**

<sup>1</sup>Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

[Aitova\\_1@mail.ru](mailto:Aitova_1@mail.ru)

## **Архетип «Гора» в казахской литературе**

**Аннотация.** В статье рассматривается понятие архетипа и архетипов в казахской литературе. Анализируется горный архетип, анализируются произведения казахской поэзии и прозы, показан образ архетипа. Проанализирован образ горы в народных сказках, начиная с периода устной литературы, а также архетипический образ горы в произведениях гигантов казахской литературы, таких как Мукағали Мақатаев, Мухтар Ауэзов, Қабдеш Жұмаділов. Важнейшими чертами понятия архетипа являются время и пространство. Когда мы говорим о типах архетипов казахского менталитета, мы имеем в виду, что он разнообразен и многогранен. Среди них «горный архетип», о котором идет речь, берет свое начало из далекой устной литературы, а также нашел свое отражение в современной казахской письменной литературе. Архетип горы является не только местом укрытия от внезапных явлений и врагов суровой природы в сознании первобытного человека, но и имеет символическое значение, олицетворяющее начало жизни, открытие светлому миру. Каждая нация часто возвращается к своим архетипам, когда ей предоставляется возможность свободно развивать собственную культуру. К примеру, схожа с этим недавняя идея «модернизации национальных устоев» в различных сферах культуры и искусства. Это законное и прогрессивное явление, особенно в новой независимой Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** архетип, гора, литература, тема, высота.

**<sup>1</sup>Aitova Zh.Zh., <sup>1</sup>Yeraeva Z.E.**

<sup>1</sup>Alikhan Bukeikhan University

Kazakhstan, Semey

[Aitova\\_1@mail.ru](mailto:Aitova_1@mail.ru)

## **Mountain archetype in kazakh literature**

**Abstract.** The article deals with the concept of archetype and archetypes in Kazakh literature. The mountain archetype is analyzed, Kazakh poetry and prose works are analyzed, and the image of the archetype is shown. The image of the mountain in folk tales, which started from the period of oral literature, was analyzed as well as the archetypal image of the mountain in the works of giants of Kazakh literature such as Mukaghalı Makataev, Mukhtar Auezov, Kabdesh

Zhumadilov. The most important features of the concept of archetype are time and space. When we talk about the types of archetypes in the Kazakh mentality, we mean that it is diverse and multifaceted. Among them, the "mountain archetype" that we are talking about originates from distant oral literature and is also reflected in modern Kazakh written literature. The archetype of the mountain is not only a place of hiding from the sudden phenomena and enemies of the harsh nature in the mind of the primitive man, but also has a symbolic meaning representing the beginning of life, the opening to the light world. Every nation often returns to its archetypes when given the opportunity to freely develop its own culture. For example, the recent idea of "modernization of national foundations" in various spheres of culture and art is similar to this. This is a legitimate and progressive phenomenon, especially in the newly independent Republic of Kazakhstan.

**Key words:** archetype, mountain, literature, theme, height.

### **Кіріспе**

Архетиптің өзі шығармашылық қиял негізінде пайда

Архетип – адамзат баласының даму тарихында шығармашылық қиял негізінде пайда болған т.псаналық көне бейнелер. Әдеби архетиптер әдеби нанымдардан құралған шығармалар қатарынан болса, мәдени архетиптер адамзаттың көне тарихынан келе жатқан жаратылыс, болмыс пен табиғат жайлы ұғым мен түсініктен қалыптасқан алғашқы мәдени үлгілер мен қазіргі таңдағы әдеби-мәдени кеңістіктегі өзінің мәні мен маңыздылығын жоймаған, қазіргі рухани әлеміміздегі құндылықтар бағдары.

Архетип ұғымын К.Юнгтің пікірі бойынша айтатын болсақ, ол көмескі сана мен тылсымның құрылымдық бөлшегі болып табылады. Ол бейсаналы түрде ұрпақтан – ұрпаққа жалғаса береді. Сондай – ақ архетип ұғымы мифтік бейне, аңыз әңгімелер мен ертегілерде, адам түсінде пайда болады деген пікірді ұстанған. Ең танымал деген архетиптерді жіктеп, оларға: көлеңке, ана, қаһарман, анима, анимус сынды архетиптерді жатқызған. Сонымен қатар әр ұғым түрлі архетипті көрсетуі мүмкін. Мысалға келтіретін болсақ: шөл – қауіпті, тау – жоғарыға көтерілу мен рухани саяхатты, қара – зұлымдық пен өлімді білдіруі сынды әдеби бейнелер. Бұлар физикалық тұрғыдан емес, керісінше адам психологиясы қалай қабылдайды солай пайда болатын ұғымдар деп түйіндеген. Бұған сүйенетін болсақ әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты өз архетиптері болуы хақ. Қазақ әдебиетінде жалпы қазақ ұғымында ата – баба рухына, аруаққа сыйыну оларға ас беріп, құран бағыштауы, тіпті қыз баласына арналған тыйымдар, салт – дәстүрлері, әулиелерге барып зиярат ету, оларды пір тұту сынды

ұғымдары мифологиялық архетипке жатады. Ал, академик Попов архетипке символдық, әдістемелік, географиялық, стратегиялық – тактикалық және иерархиялық құрамдас бөлігі бар фигура деген анықтама ұсынды. Және фигура арқылы шығармада не туралы немесе кім туралы айтылатына нақты көрінеді деген.

### **Зерттеу әдістері**

Мақаланы жазуда белгілі ойшыл ғалымдардың, әдебиет теоретиктерінің талдаулары мен ой – тұжырымдары көрініс тапқан зерттеу еңбектері нысанға алынды. Атап айтсақ архетип туралы пікірді жүйелеп, топқа бөліп қарастырған, ғылымға архетип ұғымын енгізген Юнгтің, филолог ғалым С.Қасқабасовтың еңбектеріндегі негізгі тұжырымдарға шолу жасала отырып, талдау жүзеге асырылды. Қазақ әдебиетіндегі белгілі жазушылар мен ақындардың көркем шығармаларындағы бейне, тип және архетипке тән деп таңдалынып алынған шығармалары талданып, сараланды. Ауыз әдебиеті үлгілерімен қоса жазба әдебиетіне шолу жасалып жинақталды. Поэзия, проза жанрларындағы тау бейнесі талданды. Тақырыпқа нысан етіп алынған мәселені зерделеу мақсатында түсіндіру, талдау, жинақтау, салыстыру әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Архетип сөзі грек тілінен алғанда (бастау, бейне) алғашқы түпнұсқа деген мағынаны білдіреді. Шын мәнінде архетип жалпыадамзаттық нышанның негізіне, қиялдың алғашқы нәр алатын қайнар бұлағына жатады. Архетиптің өнерде де алатын орны ерекше. Философиялық сөздікте: « Мәдени архетиптер- бұл ілкі мәдени түпнұсқалар, адам мен оның табиғат пен қоғамдағы орны жөніндегі түсінік-рәміздер, тарихтың тереңінен

үзілмей өсіп шығып, қазіргі мәдениеттің нормалық-құндылық кеңістігінде өз маңызы мен мағынасын жоғалтпаған және бүгінгі адамдардың әрекетіне жалпы жоба беретін баптық-құндылық бағдарлар», - деп атап көрсетілген [1,1].

Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқасы ертегілерде архетип жиі ұшырасады. Атап айтатын болсақ, «Ер Төстік» ертегісіндегі бір қанатын сабалап қашатын «тарғақ», «Алтын сақа» ертегісіндегі «өкпе» символикалық белгі түрінде - жалмауыз кемпір образдық үлгі ретінде хабаршы немесе шақырушы архетиптік бейнені көрсетеді. Бұнда ол «хабаршы» образына еніп, ертегідегі кейіпкерді сапарға шақырады [2,37].

Осы орайда С.Қасқабасовтың «Қазақ халқының әр түрлі мифтік (мифологиялық) мақұлықтар мен құбыжықтар туралы түсінігін барынша айқын бейнелейтін жанр хикая болып табылады» деген тұжырымға келе отырып, бұл жанрды «қарабайыр мифология» деп атауға келіспейді деген пікірін ұстана отырып халық ауыз әдебиеті тудырған хикаядағы жалмауыз кемпірдің де архетип бола алатынын негіз етеміз [3, 15]

Біз табиғат құшағында өскен елміз. Осыған орай поэзиямыз да, прозамыз да, аңыздармыз бен ертегілеріміз де түгелімен табиғат бойынан сусындап, табиғаттан нәр алған, жаратқанның әр жаратылысына тікелей қатысты. «Ер Төстік» ертегісін алатын болсақ ондағы басты кейіпкер Төстіктің өзінің дүниеге келуі архетип болса, қасындағы жолдастары да архетип көрінісі бола алады. Ертегіде: «Жұрттан асқан алыппын, жердің үстінде де, астында да маған шық келетін адам жоқ, қайратым ішіме сыймаған соң, тауларды көтеріп ермек қыламын. Таусоғар деген ермін», - деп Таусоғар сөзімен көрсетеді [4, 39].

«Бұл жерден біздің байқайтынымыз қазақ халқының ең алып, ең күшті, мықтылық ұғымдарын таумен байланыстыратыны. Төстікке дос болуға жарар ерекше жаратылыс күштерін ешбірі жасай алмас биік тауды көтеруімен сипаттауы қазақ қоғамындағы таудың алапат күшке ие екендігіне дәлел. К.Г. Юнг архетип мәселесіне психоаналитика

тұрғысынан келіп, оның ұрпақтан – ұрпаққа бейсаналы түрде жететінін айта келе, жеке тұлға психологиясының қалыптасуында да ұлттық архетип бағыт-бағдар беруші, адамның ішкі діңі ретінде түсіндіреді. Өз кезегінде, адам санасында сақталған архетиптер шығармашылық ізденіс барысында, мысалы, ақын-жазушыларда бейсаналы түрде жаңғырып, шығармаларында көрініс табады. Мәселен, қазақ әдебиетінде М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, М. Әуезовтердің көркем туындыларында мифологиялық ойлау жүйесі мен ұлттық архетиптерді кездестіреміз [5,3].

Мағжанның «оты», Мұхтардың бөрісі тағысын тағы ұлтымыздың әдебиетіне қосқан архетиптік бейнелері. Мұқағали Мақатаевтың «Мен таулықпын» өлеңдерінен тау сөзінің ұтымды пайдаланған тұстарын көре аламыз.

Мұқағали:

«Өлмесін деп берген ғой тауды маған,  
Мен күрсінсем, күңіреніп тау жылаған».

Немесе:

«Мен - таулықпын, таудан мен жаратылғам.

Тау – деген ана туған, дара тұлғам»...

Тау ұлымын. Тау- менің дәу бесігім,

Мен оның әуресімін, сәулесімін»

Немесе

«Тау бір аңыз, Тау-дастан

Таусылмаған әу бастан.....

Ана-Жердің төсіне алып сәби жармасқан».

Немесе:

«Тайсалмай өзім тауда өстім

Таласар кәне бар ма ешкім?!», - деп жырлайды [6, Б. 52-53.]

Тау – Мұқағали шығармашылығының төлқұжаты іспетті деген пікір қалыптасқан. Солай болуы заңды да. Себебі тауды жырлау үшін де сол тауда туу керек, таудың асқақтығын, таудың қасиетін, адам баласының ойы жетпес ұшы-қырын, биіктігін, құзар шыңның қияға жетелер нәрлі қуатын сезіну керек. Ал Алатау бөктері мен таулы аймақтарды көзі ашқалы көрген әр қазақ ұлы үшін тау- теңге тамырын тартқан көне тарих көзі ғана емес,

кымбат та қастерлі қазынасы, болашаққа жол сілтер бағдары. Осының барлығын жан-тәнімен сезініп өскен, терең оймен жырына қосқан, қазақтың өз сөзін ақын ойымен, ақынның тілімен айтқан Мұқағали жыры да мәңгілік биік бола беремек. Қазақ поэзиясында тау тақырыбын жырлағандар көп: «Таулардан үйрендім төзуді, Тағдырым тәлкекке салғанда» деп тауды төзім мен шыдамның ұғымы етіп алатын Алматы Исәділдің жыры ерекше. «Бағынтам деп жүрсең шың басын, Таулардай асқақ бол, тың, батыл» дегені жоғарыда айтқан таудың сол асқақтық пен жоғары көтерілу мен рухани саяхатты бере алатын архетип деген сөзімізге дәлел бола алады.

Халықтың арманы мен жақсы өмір сүруге деген құштарлығынан туған қазақ әдебетінде аңыздар мен мифологиялық ертекер жетерлік. Сондай елі мен жері үшін жан алысып, жан берісетін ерлердің арасы көп болуын қалаудан туған шығарманың бірі Әбділдә Тәжібаевтың «Толағай» ертегісі. Ә.Тәжібаев – ақын, драматург, әдебиет зерттеушісі, Қазақстанның халық жазушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Тауға байланысты ертегісінің архетипіне тоталсақ: «Толағай» әдеби ертегісін суреттегенін осылай талқылап көрейік:

Ертегінің тақырыбы: Ерлік туралы.  
Идеясы: Елі үшін, Отаны үшін сондай ерлер туса екен деген тілектен туған арман.  
Ертегінің композициялық құрылымы: Басталуы. Саржан мергеннің ұл балалы болуы.

Байланысуы. Толағайдың ержетуі. Дамуы. Халықтың күйзелуі, Толағайдың жан күйзелісі.

Шиеленісуі: Толағайдың анасынан мәселенің шешімін естуі. Шарықтау шегі. Толағайдың тауды көтеріп әкеліп жаңбыр жауғызуы.

Шешімі. Отаны үшін өлді бала.

Әрбір ұлттың терең тамырын құрайтын осы типтес архетиптер қазіргі таңдағы қазақ елінің рухани-мәдени ғана емес, саяси маңызы да жоғары. Әр жастың бойында отансүйгіштік қасиеттің қалыптасуын тигізер әсері мол. Толағай болса елі үшін жанын пидә етті, тауды

көтерді. Ол да тәуелсіздік жаршысы, ел қамын ойлаған, арман мен тілектің туындысы, халыққа арналған ертегі. Тау көз алдымызға елестер болса, ешкім көтере алмайды. Дейтұрғанмен халық баласына деген сенім, баласының еліне деген махабатынан туған қайсарлық, алып күш осы шығармаға арқау болған ел мүддесін асқақтату таумен байланысты. Себебі асқақ рухтан туған, асқақ тауды көтерген бала да ел көзінде асқақ, сол өзі көтеріп әкелген шыңдай биік, тау құзарындай құдіретті. Жылда жаңбыр жауған күні халық еске алатын сол Толағай тауы бала Толағайдың, ер Толағайдың атын өшірмей тұрған алапат бейне. Тарбағатай өңірінің өшпес хикаясы, ертегі арқылы танылған өзекті көрінісі. Қазіргі Қазақстанымыздың жасөспірім жеткіншектерін батырлық пен тапқырлыққа тәрбиелеп қана қоймай, бойына тау ұлына тән намысты сіңіріп, елдік пен ерлік символдарын қалыптастырудағы орны ерекше. Ұлтымыздың болашағы үшін архетиптерді жаңғыртып, қайсарлық пен жігерлікті оятатын рухты сезіндірудің маңызы зор. Сол себепті де қазақ халқы белгілі бір қиыншылықты жеңуде ата – баба аңсаған дара жолда тау мен тас, ормандарды миф пен байланыстырған.

Бүгінде «жаңа қазақтардың», «Таудай талап, бармақтай бақ» тілеуі қиялдың нәр алатынын байқауға болады. «Біз шашылсақ тарымыз, біріксек тауымыз» деген ұлы сөздің астары да биік. Себебі тарыдай шашылмай, таудай биік, берік, алып болуымыз қажет. Архетипті мифтік ұғым ретінде ғана қарап емес, оны сөз өнері мен әдебиеттің барлық түрінен қарастыруымыз тиіс. Әрбір сөз өнерінің үлгісін тыңғылықты зерттеп, зерделеу арқылы архетиптік образдарды айқын аңғарамыз.

Әр халық архетиптерге өзінің төл мәдениеті мен әдебиетін еркін жаңғыртып, дамытуға мүмкіндігі болған кезде жиі оралып отырады. Кейінгі кездегі әдебиет тарихындағы ұлттық түпсананы жаңғырту, көненің көзіне оралу, ата – баба дәстүрімен баланы жастайынан тәрбиелеу мен бойына ұлттың құндылығын сіңіру идеясы осымен ұқсас болады. Демек, рухани арнамызға, өз

тамырымызға қайтадан оралып, оны бүгінгі күн талабы тұрғысынан жаратып отыру қазіргі кезеңдегі ұлттың дамуы мен болашағына тигізер әсері мол екендігі даусыз.

Сакралды тау рәмізі көптеген халықтарда болмыстың жаңа сапасына өтумен, адамдардың бойында бұрын соңды болмаған қасиеттер мен түсініктердің қалыптасуымен байланыстырылады. Адамзат қалыптасқаннан өмір сүрген жері үңгір мен тау іші. Содан да болар табиғаттың жаратылысы адам баласы да, жан – жануардың да мекені тау мен тасты өз мекені көреді, биігін өзіне қорған, кеңдігін жанына демеу етеді. Алғашқы қауымнан қалыптасқан бұл үрдіс қазақ әдебиетінде сонау ауыз әдебиетінен бастау алып, жазба әдебиетінен де көрініс тауып жатады. Әдебиеттің алтын дінгегі сөз бен құбылтулар, ойға орамды теңеулер мен тіркестер, тегі мен түрі көркем сөздің символдық мағыналары шығармаларды көрікті ете түседі. Оның мағынасы мен түбін тереңінен түсінудің алғышарты болады. Қабдеш Жұмаділовтың «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің басы «Тау іші. Иен жайлау, - деп басталып, - Биік жалдың басында жыртқыш аңдар аз жүреді. Етікшінің жотасына шықсаң, таудың күнгеі мен теріскейі табаныңның астында жатады» деп жалғасын табады. [7,3]. Бұл жерден айқын көретініміз елін аңсаған қарияның арманының аңсарына жақындатқан да дәл осы құзар шың. Тарбағатай таулары, биік еңсесімен қоршалған тау биігінің оған үзілмес үміт сыйлауы, қарияның тауға, тау ішіндегі тыныштыққа сенімді болуы. Ата мекеніне жетпей жыртқыштың ауызынан аман алып қалар қорғаны болып тұр. Тау қай кезеңде де табиғат құбылыстары мен сыртқы қатерден сақтайтын басты қорғаныс мекені, қауіпсіздіктің шарты болып келген. Сол себептен де бүгінгі тау архетипі тек асқақтық емес, адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорғаныс объектісі ретінде көрініс береді. Қабдеш Жұмаділовтің кейіпкері де дәл осы қорғанысты ата мекенінің асқақ тауынан сезінді. Автор көштің рухын да осы арқылы

көрсеткісі келгендей. Алғаш қалам тартқаны көштің басын сипаттаған осы бір шығармасынан бастау алғаны айқын. Демек кейінгі көштің де рухын көтеру, рухының асқақ болуын осы таумен астастыра бейнелеген деп түйіндейік. Қазақтың ақиық ақыны Сәкен Сейфуллиннің халық арасында кең тараған, сүйікті әндерінің бірі – «Тау ішінде» шығармасында:

«Мен келемін тау ішінде түнделетін  
Аймақты күңіретіп, өлендетіп...

Көкірек керіп жұттым мен.

Ауаның жазғы жұпарын», - деп жырлайды.

Осы өлеңінен аңғарылатын мәселе, таудың ішінің жайлы екенін, табиғаты жанға жайлы екенін көрсетеді. Өз сырын өзінен басқа ешкімге айта алмаған кезінде, тау ішінде күңіренге ән салғанының себебі де дәл осы тау іші адам бойындағы сарқылмас күштің бастауындай болуында. Сүйгеніне жете алмау, сүйгені үшін тауға кету сынды, тауды мекендеу деген оқиғалар қазақ әдебиетінде жиі ұшырасады. Себебі, тау ол – мекен, тау ол – адам күшін еселейтін қуат, тау – ол жау қолында қалдырмас қазақтың әрбірінің қорғаны, өз үйі.

Мұхтар Әуезовтің Илиясты ақын ретінде биік көтерген туындысы «Жетісу суреттері» деп сол өлеңнен кейін дарынды екенін мойындай түстім дегені бар. Сондағы «Жетісу суреттерінің» дені тау бейнесі. Ерекшелігі сол адам бейнесін көрсету арқылы ұтымды сипаттама берген. Сұсты, қаһарлы адам көрсеткісі келсе де, жаймашуақ, көңілді кейіп бергісі келсе де тау бейнесі арқылы ашқан. Сонау заманнан тау адам қасиетінің түрлілігімен астасып бейнелі бола алатын құдіретті жаратылыс. Сөз суретінен – ақ таудың барлық қадірі мен қасиет бейнесін берген Илияс тілге тиек еткен құзар шындар Жоңғар, Алатау, Тарбағатай т.б қазақтың маңдайына біткен киелі мекендер.

Архетип бұл адам психологиясының қабылдауы дегенді Юнгтың пікірі бойынша білеміз, демек біз талдап отырған тау ұғымы да әр түрлі психологияға сәйкес түрлі бейненің сипаты болуы мүмкін. Бұған

дейін жоғарыда келтірілген мысалдарда тауды биіктік, асқақтық, өршіл рухтың сипаты ретінде алып оны сол биіктіктің архетипі деп қарастырып отырмын. Ал заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың шығармасы «Қараш – қараш оқиғасындағы» тау мүлде бөлек. Қоғамнан безіп, туғандары мен өмірлік қорғаны болған ортасынан безген Бақтығұл тау аралап кетпеді ме? Сондағы таудың ішінде келе жатып тау оны жұтып қоярдай, қанына сіңген, күніге көріп жүрген сол тау арасы өзіне жат болып көрінгені, оған үлкен қорқыныш сезіндіруі менің пікірімде мүлде басқа «тау образының» бейнесі. Кейде оған тау қара түн, диюлар мекені болып көрінетін деп келтіруші еді ғой автор. Дәлірек айтқанда бұл тау өзгеше, сол қорған таудан адам көңілінің алабұртқанына байланысты құбылған тау бейнесі, қорқыныш пен үрейдің ортасы.

Ұлы ақын, жазба әдебиетін қалыптастырушы Абай Құнанбайұлының поэзиясында мынадай өлең бар. Содан үзінді келтірсек: «...Бүркітші — тау басында, қағушы — ойда, Іздің бетін түзетіп аңдағанда. Томағасын тартқанда бір қырымнан, Қыран құс көзі көріп самғағанда. Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп, Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға...» [7, 65]. Мақсатқа тауға шыққандай жетуді көздеп отырып, қыран құс пен тау биігінің үйлесімділігін аша білген үзінді. Екеуі де асқақ, екеуі де қазақ халқы үшін биіктік пен өрліктің бейнесі. Қазақ ұлы адамды көрсе де тау тұлғалы екен, таудай екен демеуші ме еді. Тау біткеннің ұлылығы алыстаған сайын биіктейтінінде, биіктеген сайын арманға тұсау бермес асқақ бола түсетін қасиетінде.

### **Қорытынды**

Қорыта келе тау мен байланыстырған дәстүрлерімізді, сенімдерімізді, түрлі құбылыстарды қазақ әдебиетінің архетипімен байланыстыра аламыз. Соның ішінде біз назар аударып отырған тау архетипі сол адам атаулы жер дүниеге келгеннен бастау алып беріге дейін үздіксіз жазылған. Ол тек адам санасының биігі арқылы танылады. Себебі кез келген ұғымды қолданбас бұрын оны қабылдау,

жете түсіну аса маңызды. Ауыз әдебиетінен бастау алған бұл еңбектердің әрқайсысында автор оқшау алған оқиға, мән, мазмұн бар. Соның ішіндегі архетип ұғымын аса зерделі қарау, әлі де болса қолға алатын мәселе. Өзіміздің төл әдебиетімізде жаңғыруы керек түсініктер, қазақ әдебиеті арқылы оқырманға жететін ұғымдар, архетип ұғымы, оның ішіндегі «тау архетипі» бұл мақалада сөз етілді, талданды. Әдебиеттегі әр ұғым өзінше бір астарлы мән береді. Сондықтан да тау бейнесін автор туындатқан, көне заманғы көркем ұғымнан қалыптасқан асқақтық, биіктік деп қабылдап мәнін аша білуіміз қажет.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Философский словарь. – Москва: Поллит, 2001. -488 с.
2. Мирзахметов А «Қазіргі қазақ прозасындағы архетиптік ораздар» - Нұр – Сұлтан, 2021.
3. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. -584 б.
4. Әдебиет 5 сынып .Ә.Дайыр, Қ.Айтқалиев, Г.Құрманбай. – Алматы: Атамұра, 2005. -320 б.
5. Демесинова Л.М «Архетип» ұғымының кейбір теориялық аспектілері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.- 2020. -№2. Б. 22-29.
6. Мұқағали Мақатаев. Өлеңдер жинағы. - Алматы: Жазушы, 1979. – 280 б.
7. Жұмаділов Қ. Қаздар қайтып барады». - Алматы: Жазушы, 1968. – 426 б.
8. Абай. Шығармалар жинағы. – Алматы: Рауан, 1994. -487 б.

**References:**

1. Philosopher's dictionary. - Moscow: Pollit, 2001. -488 P.
2. Mirzahmetov A «Qazirgi qazaq prozasyndaғы arhetiptik orazdar» - Nūr – Sūltan, 2021.
3. Qasqabasov S. Janazyq. – Astana: Audarma, 2002. -584 b.
4. Ādebiat 5 synyp .Ā.Daiyr, Q.Aitqaliev, G.Qūrmanbai. – Almaty: Atamūra, 2005. -320 b.
5. Demesinova L.M «Arhetip» ūğymynyñ keibir teorialyq aspektileri // L.N.Gumilev atyndaғы Eurazia ūltyq universitetiniñ habarşysy.- 2020. -№2. B. 22-29.
6. Mūqağali Maqataev. Ėleñder jinaғы. - Almaty: Jazuşy, 1979. – 280 b.
7. Jūmadilov Q. Qazdar qaityp barady». - Almaty: Jazuşy, 1968. – 426 b.
8. Abai. Şyğarmalar jinaғы. – Almaty: Rauan, 1994. -487 b.

**Автор туралы мәлімет:**

**Аитова Жанар Жумабековна**

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, Alikhan Bokeikhan University  
Пошталық мекенжайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей, 15-18-146  
Ұялы.тел: 8-775-258-02-52  
e-mail: [aitova\\_1@mail.ru](mailto:aitova_1@mail.ru)

**Сведения об авторе:**

**Аитова Жанар Жумабековна**

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University  
Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, Семей, 15-18-146  
Сот. тел: 8-775-258-02-52  
e-mail: [aitova\\_1@mail.ru](mailto:aitova_1@mail.ru)

**Information about the author:**

**Aitova Zhanar Zhumabekovna**

Position: Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University  
Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey,  
Mob.phone: 8-775-258-02-52  
e-mail: [aitova\\_1@mail.ru](mailto:aitova_1@mail.ru)